

**"Алматыэнерго" Алматы энергетика және электрлендіру өндірістік бірлестігінің кәсіпорындарын жекешелендірудің тәртібі туралы және Алматы облысының энергетика кәсіпорындары <\*>**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 8 шілде N 854

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721\_ Заң күші бар Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 мамырдағы N 663 P960663\_ қаулысымен бекітілген Электр энергиясында жекешелендіру және қайта құрылымдау бағдарламасына сәйкес, Алматы қаласындағы және Алматы облысындағы энергетика кәсіпорындарының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және олардың қызметіне байланысты экологиялық проблемаларды шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: <\*>

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп 1996 жылдың 15 шілдесіне дейінгі мерзімде Алматы қаласындағы және Алматы облысындағы энергетика кәсіпорындарын қаржылық-экономикалық сауықтыру және олардың қызметіне байланысты экологиялық жағдайды жақсарту үшін қажетті инвестициялық сұранымды айқындасын. <\*>

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне Алматы қаласындағы және Алматы облысындағы энергетика кәсіпорындарының мүлкін қосымшаға сәйкес заңмен белгіленген тәртіппен сату үшін беретін болсын. <\*>

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті қосымшада көрсетілген кәсіпорындардың мүліктерін голландиялық саудаластықтар процедураларын қолдана отырып, аталмыш кәсіпорындардың қызметіне қаржыландыру және Алматы қаласының және Алматы облысындағы экологиялық проблемаларын шешу үшін инвестициялар ұсыну туралы тендерлік шарттарды орындау жөнінде, өзіне міндеттеме алатын қатысушылардың арасында сату жөнінде жабық тендерлер ұйымдастырсын және оны 1996 жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей өткізсін. Тендердің шарты сонымен қатар электр энергиясын өндіру көлемін қамтамасыз ету және ол үшін қажетті ұзақ мерзімдік инвестициялық бағдарламаны орындау жөніндегі міндеттемелерді де қамтуы тиіс. <\*>

сөздермен толықтырылды, 3-тармақта сөздер ауыстырылды -  
ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1035 қаулысымен.

P961035\_

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Алматыэнергоның" ішкі және сыртқы міндеттемелері бойынша құқықтық мұрагерлерді айқындасын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 8 шілдедегі  
N 854 қаулысына  
қосымша

Мүлкі мүліктік кешен ретінде сатуға жататын  
"Алматыэнерго" кәсіпорындарының  
ТІЗБЕСІ

<\*>

1. N 1 Алматы жылу электр орталығы (ЖЭО-1)
2. N 2 Алматы жылу электр орталығы (ЖЭО-2)
3. Алматы мемлекеттік аудандық электр станциясы (АМАЭС)
4. Алматы электр желілерін тарату кәсіпорны
5. Алматы электр желілері кәсіпорны
7. Алматы жылу желілері кәсіпорны
8. Ақпараттық-есептеу орталығы
9. Есік электр желілері кәсіпорны
10. "Алматыэнергоремонт" өнеркәсіптік-жөндеу кәсіпорны
11. Алматы жылыжай комбинаты\*
12. Қапшағай суэлектрстанциясы
13. Әлеуметтік сала объектілері\*

ЕСКЕРТУ. Тізбе толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1035  
қаулысымен.

\* Сатып алушының Меншік иесімен келісімі бойынша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК